



## Құрметті, Қалмырзаевтар отбасы!

Ардақты ағамыз, сөз өнерінің шебері, Сарыағаш ауданының құрметті азаматы Әмзе Қалмырзаұлының қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, шын жүректен көңіл айтамын. Болған іске болатын берік болыңыздар.

Әмзе Қалмырзаұлы ағамыз Сарыағаш жерінде туып, алғашқы еңбек жолын аудандық «Қызыл ту» газетінде бастап, «Оңтүстік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Шығармалары бірнеше тілге аударылып, сөз өнеріне үлкен үлес қосты. Дарынды ақындығымен қоса мықты ұйымдастырушы ретінде танылған еді. Жекеменшік кітапхана желісін тұңғыш ұйымдастырушысы болып, «Қасиет» баспасы мен кітап дүкенін ашқан еді. Бүкіл саналы ғұмырында қаламгер ретінде сөз өнерінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған атпал азамат еді. Амал жоқ. Тағдырдың жазғаны екен.

Ағамыздың топырағы торқа болып, жаны жұмақтан орын алсын. Әмзе ағамыздың жарқын бейнесі облыс халқының, ағайын-туыс, дос-жаранның, әдебиетсүйер қауымның жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз. Алдағы уақытта Сіздердің әулеттеріңізге амандық пен жақсылық тілеймін.

**М. ОТАРШЕВ,**  
Сарыағаш ауданының  
әкімі

«Рейтинг» газетінің ұжымы мен М.Өтебаев атындағы Жоғары жаңа технологиялар колледжінің ұжымы Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Досалиев Қанатбек Балтабайұлына

**анасы Алина қажы  
Жайынқызының**  
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ның басшылығы мен еңбек ұжымы «ПетроҚазақстан» компаниясының бұрынғы вице-президенті

**Исенғалиев Бақытжан  
Ізтілеуұлының**  
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақынуыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Мұнай - еліміздің жер қойнауының басты байлығы әрі экономика күші. «Қара алтынды» өңдеу ұзақ процесс әрі ауыр еңбек. Қоршаған ортаға тигізер әсері туралы зерттеулер қоғам үшін өзекті. Жылдан-жылға мұнай өндірісі экологиямен біте қайнасып, технологиялар дамуда. Жуырда «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС БАҚ өкілдері, экобелсенділер және мемлекеттік қызметкерлер, Шымкент қаласының тұрғындары үшін ашық есік күнін өткізді.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» аумағындағы экскурсия қан сынамасын тапсырумен басталды. Зауыт жұмысшылары мен қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік қашықтық сақталды. 2011 жылдан бастап кәсіпорында «Үдемелі индустриалды инновациялық даму» бағдарламасы аясында жаңғырту жұмыстары жүргізілгені белгілі. Қызметкерлер қонақтарға зауыттың ҚР экологиялық заңнамасы нормаларына сай жұмыс істейтінін көрсеті. Кәсіпорындағы модернизация жұмыстарынан



## Экологиялық заңнама талаптары қатаң сақталуда



кейін бұрын тонналап шығатын қалдықтардың мөлшері азайған. Ауа арқылы қоршаған ортаға тарайтын зиянды газдың мөлшері кеміген.

Кәсіпорын мамандарының айтуынша, мұнай өңдеу зауытын жаңарту және қайта құрудың мақсаты – жылына 6 миллион тоннаға дейін дейін «қара алтынды» өндіру, өңдеу тереңдігін және ашық мұнай өнімдерінің сапасының шығысын ұлғайту, мотор майларының сапасын К-4, К-5 экологиялық санатының талаптарына сәйкестендіру. Экспедицияның техникалық бөлімінің басшысы Карл Анельзем:

– Біз 2001 жылы ынты-

мақтастықты бастадық. Бүгінгі сапар зауыттың экологиялық талаптарды сақтауын жетілдіре түскенін көрсетті. Суды тазарту, ауаның бұрынғыдан аз ластануы бірден сезіледі. Технологиялық процестерге тоқталсақ, прогресс ретінде Еуропалық Одақтың сапа стандартына сай К4, К5 жоғары октанды отын шығаруды айта аламыз. Жаңғырту жұмыстары зауытқа жоғары экологиялық талаптарды сақтай отырып, сапалы өнім шығаруды ұлғайтуға мүмкіндік берді, – деп пікірін білдірді.

Қалдықты азайтуға және жоюға, қалдықты қоршаған ор-

таға орналастыруға бағытталған модернизация қондырғылары қонақтарды таңғалдырды. Олар ПҚОП өз қызметін ҚР экологиялық заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес жүргізетініне көз жеткізді. Экологиялық жаңа Кодекстің талаптары күшейтілген. Сондықтан зауыт басшылығы осы бағыттағы жұмысты жалғастыруға ниетті. Табиғатты қорғау шараларына сәйкес келесі 5 жылға ауқымды жоспарлар белгіленген.

– Бұл жоспар Экология және геология министрлігімен келісім арқылы бекітілді. Оның шеңберінде белгілі бір іс-шаралар, АСМ және мониторингтің

автоматты жүйесін орнату жоспарланған. Өйткені 2023 жылдан бастап Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес 1-санаттағы барлық ірі кәсіпорындар онлайн режимінде автоматты түрде бақылау енгізуі және барлық мәліметтерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беруі тиіс. Сондықтан өндіріс орны осы бағытта жұмыс жүргізуде. Біз алдағы 5 жылда неістерді жетілдіруді жоспарлаудамыз. Онда газды пайдалануға арналған форсуналарды ауыстыру көзделген. Ол қадам арқылы атмосфераға күкіртті ангидрид шығарындысын қысқарту мүмкін болады, – дейді «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС табиғатты қорғау бөлімінің басшысы Бағила Тұрғанбаева.

Зауыттағы технологиялық процесс бірыңғай автоматтандырылған бақылау жүйесіне бағынады. Апатқа қарсы автоматты қорғаудың жоғары деңгейі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді. Яғни авариялық жағдайдың туындау ықтималдығын барынша азайтады. Қауіпті газдың бөлінуін болдырмау үшін жұмыс аймағында күкіртсутек, көмірсутекті газдардың және бу автоматты түрде бақыланады.

Р.С. Кәсіпорындағы тың тірліктер зауыт айналасындағы тұрғындардың қауіпсіздігін назарда ұстаған. Қарабастау елді мекені тұрғындары өздерінің, балаларының денсаулығына алаңдайтын. Бұл орайда зауыттағы жетілдірілген жүйе арқылы адам денсаулығына қауіп бар деп уайымдау негізсіз екеніне көз жеткіздік.

**Балерке ӘСЛХАН**